

**ҚАЗАҚ КӨРКЕМ
МӘДЕНИЕТІНДЕГІ
ТҰЛҒАЛЫҚ ДАРАЛАНУ
ҮДЕРІСТЕРІ**

Тәуелсіз еліміздің әлемдік өнер мен мәдениеттің кеңістігінде өз орнын алып, уақыт өткен сайын нығайып, кемелдене түсуі қазақтың ұлттық көркем өнеріне, соның ішінде тұлғаны сомдау тәсілдеріне игі ықпалын тигізді. Осы ретте Қазақстанның көркем туындыларын ұлттық дүниетаным болмысынан бастау алатын ұлттық мүдде, ұлттық сана тұрғысынан пайымдау, бүгінгі заман талабы туғызып отырған көкейкесті мәселелердің біріне айналып отыр. Ұлттық рухтың игілігі үшін тер төгу ұлттық бірлікті, тұтастықты сақтап, еліміздің елдігіне, болашақ ұрпақтың кемелділігіне қызмет ету болып саналмақ.

Қазіргі заманғы көркем өнер өмірді философиялық тұрғыдан түсінумен тығыз байланысты. Заманымыздағы көркем әдебиет, театрлық жүйелер, бейнелеу түрлерінің көптігінде қазақ өнері халқымыздың эпикалық мұраларымен шектелмей, заманауи тақырыптарды да көрсетуге ұмтылуда. Бұл қазіргі қазақ өнеріндегі жаңашылдықты білдіреді.

Интеллектуалды ұлтты қалыптастыру – Қазақстан Республикасының дамуының басты мақсаттарының бірі болуда. Интеллектуалды ұлтты қалыптастыру арқылы біз мемлекетіміздің тұлғаларының білім сауаттылығын жоғарылатамыз, сонымен бірге, мәдениетін, рухани өркениетін дамыта аламыз, яғни, бізге қазіргі таңда сауатты, интеллектуалды адамдарды қалыптастыру үшін жасампаз тұлға бейнесін елімізге сіңдіру керек, осы мәдениеттің қалыптасуы арқылы мемлекетіміз дамыған мемлекеттермен бәсекелесе алады.

Көркем шығармашылығындағы тұлғалық бейненің қалыптасу ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар: 1) бейнелеу суреттері мен тұлғалық мәдени рәміздер зерделенген батыстық зерттеушілер еңбектері (Р. Гвардини, Э. Кассирер, К. Леви-Строс, А. Потенция, Д. Фрезер, Ж. Делез, Ф. Гваттари, О. Шпенглер, А. Тойнби, Э. Фромм, Фукуяма, Юнг, Хейзинг, Б. Кроче және т.б.); 2) тұлғалық көркем бейнелер туралы ресейлік эстетиктер, әдебиет пен өнер теоретиктерінің шығармалары (М. Бахтин, Ф. Лосев, Л. Гумилев, В. Пропп, В. Лейбин, Д. Лихачев, В. Жирмунский, В. Руднев, Г. Гачев, Мурад Аджи т.т.); 3) тұлғалық көркем бейнелерді қазақ мәдениеті тұрғысынан суреттеуге және түсіндіруге арналған еңбектер (Ж. Молдабеков, К. Молтабарова, Г. Нұрышева, Б. Құндақбаев, А. Тоқпанов,

Ә. Сығай, Н. Шаханова, Т. Ғабитов, К. Нұрланова, және т.б.) деп айтуымызға болады.

Қазақстандық әдебиеттану, өнертану және мәдениеттану жинақтаған тарихи материалды жүйелеу жұмыстары айтарлықтай жүргізді және осыдан да келіп әр дәуірдегі өнер мен мәдениеттің көркемдік мән-маңызын анықтап қана қоймай, сонымен қатар оны түсіндіретін ғылым үшін іргетас дайындалды. Бұл сипатта 2005-2010 жылдар аралығында «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша шыққан 100 томдық «Бабалар сөзін», 5 томдық «Қазақ өнерін», 10 томдық «Әдеби жәдігерлерді» және т.б. атап өтуге болады.

Бұл контексте жетекші театртанушы, өнертану докторы, профессор Б. Құндақбаевтың материалдарымен берілген «Кеңес драмалық театрының тарихы» атты алты томдық еңбегін атап өткен жөн. Оның сондай-ақ «Режиссер және спектакль», «Уақыт және театр», «Мұхтар Әуезов және театр», «Заман және театр өнері», «Театр туралы толғаныстар» және басқа да жұмыстары да қазақ театрының тарихын зерттеуге арналған.

Көркемдік мәдениеттің шығармашылықтан тыс әлеуметтік, функционалды, коммуникативті және басқа да аспектілері де бар. Көркемдік мәдениетті ғылыми таным тұрғысынан түсіну бұрын оның барлық нысандарын қамтитын мәдениет семиотикасы мен семантикасы тұрғысында алдымен жүзеге асты. Мәдениеттану көркемдік шығармашылық құрылымының ішкі жүйелерін: 1) көркемдік шығармашылықтық дербес, топтық ерекшеліктерін; 2) оның ұйымдастырушы инфрақұрылымдары (көркем туындылар бойынша тапсырыс беруші және жүзеге асырушы шығармашылық бірлестіктер мен ұйымдар) мен материалдық инфрақұрылымдарын (өндірістер мен демонстрациялық алаңдар); 3) көркемдік білім беру саласы мен біліктілікті арттыру мекемелерінің жетістіктерін (оның ішінде шығармашылық конкурстар); 4) көркем шығармашылық үдерістері мен нәтижелерін ұйымдық рефлексиялауды (көркемдік сын және баспасөз, ғылыми өнертану салалары); 5) эстетикалық тәрбиелік ағарту саласы мен халықтың өнерге деген ықыласын ынталандырушы құралдар жиынтығын; көркемдік мұраны қалпына келтіру және сақтау тәжірибесін; 5) эстетика мен дизайн техникасын (ескірген және қолданыстан шыққан бұйымдарды қалпына келтіру) және халықтың көркемдік шығармашылығындағы дербес сипатқа ие бірқатар ішкі жүйені қамтиды.

Көркемдік мәдениеттің өзегін тарихи талдау мен әдістемелі өнер құрайды. Өнер ұғымы мә-

дениеттануда сөздің тар және кең мағынасында қолданылады. Терминнің тар мағынасында «өнер» деп көркем шығармашылық үдерісін және оның әртүрлі бітімдерін айтады.

Көне заманнан қазіргі уақытқа дейін тұлғалық кейіпкер бейнесі қандай өзгерістерді бастан кешірді? Тұлғалық бейненің өзегін не құрайды? Қазіргі заманғы тұлғалық бейне несімен ерекшеленеді?

Көне «батырлар дәуіріндегі» көне мифтерде ерлік пен батырлық қаһарман бейнесінің ажырамас қасиеттерін құрайтын. Кез келген кейіпкер тұлғалық бейне бола алмайды. Қазір тұлғалық бейне қоғамдық санада мүлде қызықсық болып, ол келемеж, қалжың, әзілдің нысанына айналды ма? Тұлғалық бейне қазіргі заман мәдениетінен мүлде ысырылды деуге болмайды. Адамзат санасы тұлғалық бейнеге әрқашан мұқтаж. Адамзат санасында берік орныққан Тұлға бейнесіне деген қажеттілікті түсіндіру қиын, ол – күрделі ұғым. Сол себепті философиялық-мәдениеттанушылық зерттеуді қажет етеді.

Тұлғалық ерекшеліктерді белгілі ғалым Ж. Молдабеков былай сараптап өтеді: «Тәуелсіздікті адамның тұлғалық қабілет-қасиетінен, қимыл-әрекетінен тыс қарауға, тұлғалықтың гуманитарлық түп негізінен бөле-жара талдауға реті келмейді. Тәуелсіздік-тұлғалы істің және іргелі ұрпақтардың бір-бірімен үндестігі мен үйлесімділігі, тұлғалықтағы бітім кеңдігі мен тұрақтылықтың кепілдігі. Олай болса, тұлғалықтың ерекшелігі мынада:

– кең дала мен тұтас мекен тұлғалары тұрмыста тынымсыздық тінін таратты, қимылда жігерлі іс-әрекетті жаратты, күресте қайратымен көпті қаратты;

– сыртқы ағым мен қатынасты тәуелділік шеңберінен арылтты. Тұлғалық ортаның жайына байыппен бейімделіп, ондағы әлеуметтік-экологиялық, экономикалық-саяси және мәдени-рухани қарым-қатынасты таңдау және іріктеуде адамгершілікті танытты, туралады;

– адамның өз бойындағы ішкі байланыс пен бітімге деген тәуелділікпен қатар бекемдікті арттырып, адамдық ресурсты қоғамдық мөлшерде дұрыс қолдана білудің қайталанбас қуатын қалыптастырды;

– туралыққа кіндік, татулыққа тірек, кісілік қасиеттерге мұқияттық орнықтырды. Тәуелсіздіктегі тұлғалықтың рухы биік, көкке жетер ойы тиіп демекші, саңлақтар тұлғаланып жетілуде, өз бағытының үлесіне қасқа жолмен ұмтылуда» [1, 441 б.].

Қарапайым адам үшін тұлғалық бейне – ерлік пен батырлық қасиеттерін бойына сіңірген, ізгі мұраттар мен игі мақсаттардың жолында құрбандыққа баруға дайын батыл да шешімді образ. Ол – құтқарушы, қорғаушы, айналасындағыларды қамқорлығына алуға дайын. Сондықтан қаһармандар адамзат санасында мәңгі сақталады әрі қарапайым халық оларға еліктеп, үлгі алуға тырысады.

Қарапайым адам қаһарман бола алмайды, тұлғалық бейне болмысы үнемі ерлікпен байланыстырылады, өз бойынан кез келгеннің қолынан келе бермейтін ізгілік жасай алатын, биік құндылықтар мен қасиеттерді танытады. «Тұлғаның қасиеті – елдің арқа сүйер емін қорғаны. Қайырып айтсақ, елдік пен ерлік – өз жері мен мұрасына иелік, әр тумаға келер тиелік, Тұлғалық пен Ұлылыққа, Кәмелет пен қолбасшылыққа нық жеткізер жиелік, күштінің әлсізге қорған болар, болмысты береке-беделмен толастатар кепілдік» [1, 438 б.]. Белгілі бір қоғамдық құбылыстың мәнін, сипатын білуден бұрын, ең әуелі оның тек-төркініне барлау жасап, оны анықтап алу керек болады. Онсыз ол құбылыстың мәні мен сипаты толық ашылуы неғайбыл. Қоғамдық идеологияның құрамдас бөлігі болып есептелетін әдебиет пен өнердің тегі жөнінде де жер жүзінде ежелден қазірге дейін толассыз болжамдар айтылып, түрлі-түрлі көзқарастар ортаға қойылып келеді. Бұндай талас-талқы әлі де толастаған жоқ. Керісінше күн өткен сайын болжамдар саны молайып, пікірлер өрбіп-туындап отыр.

Жинақтап айтқанда, өнер салаларының бәрінің объектісі, пәні – адам өміріндегі әлеуметтік қарым қатынастар, ойлы сезіммен сабақтастыра алынған табиғат. Өнердің әрқайсысы өз жүйесінде өмір құбылысын терең әрі жан-жақты бейнелейді: адам портретін кескін өнеріндей дәл беретін сала жоқ; қоғамдық қатынастарды, әлеуметтік тартыстарды, күрестерді, психологиялық құбылыстарды әдебиеттен сенімді көрсететін сала жоқ; нәзік сезім, ыстық жалынды музыкадай жеткізетін сала жоқ [2]. Италия философы Бенедетто Кроче: «Эпиграмма – өнер, ендеше, қарапайым сөз оған неге жатпайды? Новелла – өнер туындысы, ал журнал хроникасындағы кез келген хабар неге ол қатарда емес? Пейзаж – өнер, топографиялық сурет неге олай емес?» – деп жазды [3, 17 б.].

Оның пайымдауынша, рухани өмірдегі ұғым атаулы – өнер. Ендеше, кез келген ұғым да өнер болса керек. Бұл жерде шын өнер шекарасы жойылады. Эстетика мен тіл білімі бір арнаға

түсіп кетеді. Ал өнердің даралық сипаты, құдіреті – бейнеде.

Ғылымның бүгінгі даму сатысында бейне термині әртүрлі қырынан қаралады: 1. Философиялық ұғымда. 2. Психологиялық ұғымда. 3. Өнердегі ұғымда. Ең алдымен терминдер арасындағы шекараны айырып алмай, олардың мәнін анықтамай, біз көркем бейненің, оның ішінде әдебиеттің табиғатын түсіне алмаймыз. Сондықтан бейненің жеке-жеке тармақтарын саралау шарт. Философиялық ұғымдағы бейне – болмыстағы құбылыс атаулының санадағы көрінісі. Бұл ретте түйсік, сезім, ұғым, жеке фактілердің адам санасындағы сәулесі – бейне. Оларды біріне-бірі қарсы қоюға, шатастыруға болмайды. Жалпы бейненің ең кең мағынасы философиялық ыңғайда түсіндіріледі.

Психологиялық бейне – сезімге, адам есіне қатысты сурет. Бұл – философиялық ұғымға қарағанда аясы тар, шеңбері шағын термин. Өнердегі бейне – өзіне ғана тән пәні, объектісі бар, болмысты көрсетудің, танудың айрықша мағыналы құралы. Көркем шығармашылық қашанда іріктеуден, тәсіл-құралдарды талғап пайдаланудан басталады. Бейненің шағын, кішкентай моделіне бой ұсынайық.

Мен тауда ойнаған қарт марал.
Табаным тасқа тиер деп,
Саксынып шыққан қиядан.

Көпке белгілі Махамбет өлеңінен алынған осы қысқа үзіндіде ерекше мәнді клетка бар. Грамматикалық форма тұрғысынан алғанда, қазақ тілінің қалыпты жүйесін бұзатын еш нәрсе жоқ. Кейбір оқымыстылар айтатын жылтыр бояу, алып-жұлып әкетіп бара жатқан әшекей-айшық та емес, жеке сөздер әр түрлі құбылыстарды қамтып, олар бірін-бірі сәулелендіріп тұр. Тұтас суретті бөлшектеп көрейік: тау, қарт марал, табан. Тау – биіктіктің, өрлеудің, мәңгіліктің тұлғасы, табиғаттың өзі. Қарт марал – тіршілік еңкейген шақтағы адам өмірін еске түсіреді. Марал – сұлулық іспеттес. Қарт марал дегенде жаңа ұғым туғандай: сфинкс, кентавр сияқты. Перзент десе, ішкен асын жерге қоятын қазақтар кейбір сәтте сәбидің табанынан сүймей ме? Қысқасы, құбылыс пен бейне арасындағы қат-қабат күрделі байланысты көргендейміз. Нақтылықтан абстракцияға, абстракциядан нақтылыққа өту жолы аңғарылады.

Абай: «Сөзімде жаз бар шыбынсыз»... Жай сөйлем, хабарлы сөйлем. Осы бағытта синтаксистік, морфологиялық талдауды созуға

болар еді, бірақ ол жазушы қиялында іріктеліп, сұрыпталып жасалған суреттің барлық қасиетін ашып бере алмайды. Мұнда да бірнеше құбылыс тоғысуынан жаңа дүние пайда болған. Бөлшектесек, бір-бірінен алшақ ұғымдар: сөз, жаз, шыбын. Егер біз қалыпты логикаға бақсақ, шыбынсыз жаз болмайды, сөзде жаз болмайды, сөзде шыбынсыз жаз болмайды. Ал, ақын бірнеше бояуларды араластыру арқылы, бірнеше сәулендерді тоғыстыру арқылы жаңа дүние жасайды. Сіз алдымен логикалық қорытынды шығарасыз, өз тарапыңыздан тағы да ойланасыз.

Сонымен, бейнелілікті болмыстың фотографиясы деп ұқпаймыз, суреткер қиялымен екшелген құбылыстардың бірін-бірі сәулендіру арқылы туған соны әлем деп білеміз. Жалпы бейнелілік табиғатына байланысты теориялық пікірлер айтқан еңбектер көп. Өткен ғасырдағы украин тілшісі һәм әдебиетшісі А.Потебняның көрсетуі бойынша, сөзде екі қабат бар: сыртқы қабат – ұғымдық қабат, ішкі қабат – бейнелік қабат. Керісінше, сыртқы қабат – проза, ішкі қабат – поэзия. Бұл оқымысты әрбір сөздің шығуын құбылыстар арасындағы ұқсастықпен, іргелестікпен қабыстыра қарайды. Заманы өткен соң, уақыт ауысқан сайын, сөз өзінің әуелгі бейнелік қалпынан, құбылыспен байланысқан жүйесінен бірте-бірте айрылады. Былайша айтқанда, сөздің бедері ескіреді. Сөйтіп ол бейнесіз сөзге айналады. Мысалға «город» деген сөздің шығу тегін «камал, қорған» деген ұғыммен байланыстырады. Потебня: «Сөз – көркем шығарманың барлық қасиетіне ие» дейді [4, 167 б.].

Осы арнада жүріп отырып, біз де өзіміздің ұлттық топырағымызда, бейненің кейбір тілге қатысты мәселелерін қарастыруымызға болады. Қазақта «үркер» деген сөз бар. Дала төсінде тіршілік кешкен сахара перзенті үшін аспан романтикасы қисапсыз. Ішіне пышақ айналмайтын, жетесіз жанды «бақай құрт» дейді. Қадым заманның жүйрік билері төбеге, шаңыраққа қарап сөйлейтін дағдысы екен. Бұл деталь – бір ұлттық ерекшелігі. Жұлдыздың табиғатына сәйкес қозғалысты, таң алдында түнмен қоса күн жарығынан үріккендей, еріп кетуін, үркіп, қашып кетуін халық дәл аңғарған. Үркер – жұлдыздың атын ғана емес, затын анықтайтын сөз. Қазақ сөз өнері өзінің көркемдігімен танымал:

Жерің анау – жасыл жолақ кілемдей,
Желің мынау – жігіт айтқан өлендей!
Көлің анау – той кып жатқан ауылдай,
Күнің мынау – елжіреген енендей [5].

Бұл өлеңнің бойындағы негізгі принцип – екі құбылысты қатар алу. «А» және «Б», «А» – «Б» сияқты дейді. Яғни бір құбылыс екінші құбылысты бейнелейді. Екі құбылыс бірін-бірі сәулендіреді, бірақ бұл екеуі тең емес. Осы өлеңнің бойынан біз көркем бейненің төменгі стадиялық формаларын көргендей боламыз. Егер ғылымдық ұғыммен, формуламен сөйлетсек, «А» – «Б» сияқты демейді, «А» мен «Б» тең дейді, ғылым кесіп айтады, қолымызға ұқсатып айтады, сәулендіріп айтады. Қазақтың той жасап жатқан ауылын көз алдыңызға келтіріңізші! Жылмиған, сақал-мұрттан жұрдай шалдар емес, сақалдары белуарына түскен шалдар, сұлу қыздар, сері жігіттер. Қасиетті ана.

Л. Толстойдың «Глаза Катюши черные, как мокрая смородина» деген сөйлемін еске түсірейік. Екі жазушының принципі ұқсас келіп отыр, оқушы қиялына оқыс әсер етті, арғысын өзі жалғастырады. Бейнеге бірінші тән қасиет – ұлттық ерекшелік, ұлттық бояу. Олай болса, ешбір суреткер ешқашанда тілге, ұлттық бояуға зорлық жасай алмайды. Біз мысалға келтірген жоғарыдағы қарт марал, шыбынсыз жаз, той қылып жатқан ауыл – дегендер қазақ ұғымдары. Өнер өзінің даму сатысында мифтік идеялар, діни ықпалдарға да түсті. Бері келе ғана ол қоғамдық, әлеуметтік проблемаларды көтере алатын биік дәрежеге жетті. Өнердің даму жолынан біз адамның болмысты игеру процесін, соны тану принципін көреміз. Қашанда өнерге негіз болатын – болмыс, болмыстағы құбылыстар. Әрине, жалпы құбылыстар емес, дара сипатты, жинақталған мәні бар құбылыстар. Сондықтан да әдебиеттану ғылымында өмір және өнер, өмірлік шындық және көркемдік шындық төңірегінде талас пікірлер көп.

Кейбір эстетиктердің айтуынша, көркемдік шындық – өмірді эшекейлейтін бояу; көркемдік шындық тек суреткердің қиялында ғана туады; бұл – таза эстетикалық категория; оның болмыста негізі, тамыры жоқ. Біз осылардың үшеуіне де қосылмаймыз, қабылдамаймыз. Ұлы неміс жазушысы Гегенің мына сөздері еске түседі: Мен шығармаларды тек данышпандық арқасында ғана жазған жоқпын, олардың тууына мың сан дүние, адамдар нәр берген. Олар – ақымақтар һәм ақылдылар, естілер һәм есіріктер, балалар, жігіттер һәм шалдар; бәрі де бастарындағысын, не ойлайтындарын, қалай тірлік етіп, қандай қарекет қылатындарын айтқан. Мен үшін оларды жинап, өзгелер екенді орып алудан басқа ештеңе де қалған жоқ [6]. Көркемдік шындық жазушы қиялы арқылы екшелген, сұрыпталған,

идеологиялық мақсат тұрғысынан бейнеленген шындық. Бұл – өмірлік шындықтың көшірмесі емес. Ол – шашылып жатқан, араласып жатқан, жүйесіз, үзік-үзік құбылыстардың басын біріктіреді, соны сұрыптайды. Бұл орайдағы ең шешуші фактордың бірі – суреткер қиялы. Суреткердің қиялы – ешбір ғалымның қолында жоқ құрал. Суреткердің қиялын батырдың семсерімен, әншінің даусымен, күннің нұрымен, рентген сәулесімен салыстыруға болады. Пәни тіршілікте жазушы – көптің бірі. Тіпті көзге қораш, ол екі иығын жұлып жеген пысық емес, тек шабытты шақтарында ғана биік, оның көзінің көрмейтін нәрсесі, шалмайтын қалтарыс – қапысы жоқ. Суреткер қуаты – талант, сыйынар пірі – қиял шабыт.

Қазақ көркем мәдениетіндегі ең биік сомдалған кейіпкер және көркем бейнесі өте жоғары деңгейде берілген тұлға – Абай Құнанбаев. Абай былай деуші еді:

Адамның кейбір кездері
Көңілде алаң басылса,
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлттан ашылса;
Сылдырап өңкей келісім,
Тас бұлақтың суындай,
Кірлеген жүрек өзі үшін
Тұра алмас әсте жуынбай.
Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсендер өзің біл [7, 167 б.].

Осы бір жауһар туындыда суреткер зертханасы данышпандық шеберлікпен ашылып, шабыт сәтінің гөзәл суреті жасалған. Ақын стихиясының керемет сыры, рух, пафос бар мұнда. Мұхтар Әуезов ауылдан тоғыз жасында кеткен, содан кейінгі өмірі, бар қуанышы, қайғысы, жеңген, жеңілген күрес шақтары қала төсінде өтті. Бірақ қазақ даласын жыр етуде оның алдына түскен ешкім жоқ. Жазушы үшін шығармашылықтағы ең керекті нәрсе, басты шарт – көзбен көріп, құлақпен есту, қолмен ұстау, дерек жетегінде кету емес, материалды эстетикалық тұрғыдан игеру, құбылыстардың жігін ажырату. Жез бен алтынның, тас пен алмастың айырмасын бірден тану. Қашан да қиялдан қосусыз көркем шығарма жасалмақ емес. Өмірде Абай үш рет некеге отырған. Бірақ Әуезов Еркежанмен арақатынасты өз мұратына орай әдейі өзгерткен. Өйткені ұрпақ үшін көп әйел алған Абай емес, ақын Абай қымбат. Романдағы Абай – өмірде болған Абайдың сұл-

десі емес, ол – біздің халқымыздың ұлттық бейнесін жинақтаған тип.

Күні бүгінге дейін Тобықты шалдары Қодар мен Қамқа арасында сұмдық болғаны рас еді десеңсі. Солай-ақ дейік тіпті, бірақ ол патологиялық ауру психологияны көрсететін дерек қана. Әлеуметтік романға мүлде қажетсіз нәрсе. Қиялдан қосудың көркем шығармадағы қызметті орайына ұлы жазушының тәжірибесінен көптеген қызық дерек табамыз. Қазақ әдебиетінің тарихында Айдар деген ақын жоқ, «Абай» романында айтылатын Дәрмен деген ақын да тарихта болмаған. Бұл ретте Толстойдың Наташа бейнесін қалай құйып шығарғаны еске түседі. Дәрмен – қазақ тіліне «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын парсы тілінен аударған, Пушкинді, Толстойды қазақ сахарасына таратуға ат салысқан ақын, тарихшы, философ, Абайдың немере інісі Шәкәрімнің бейнесі. Оның кейбір сипаттары – Шұбар, Керім характеріне негіз жасады. Сөйтіп, әйгілі «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» дастандарының авторын, көп ән шығарған композиторды Әуезов өлтірмеген, оны Айдар, Дәрмен арқылы тірілтікен. Жеңелері Абайды жас кезінде Телғара десе, інісін Айдар деген. Сонымен, қашанда көркем шындықтың негізінде өмірлік шындық жатады.

Кейбір жазушылар қаһармандарын тірлікте болған адамның бейнесіне лайықтап жасайды. Бұл ретте И. Тургенев, М. Горький шығармаларын еске түсірейік. Бейнеге арқау – прототип. Бірақ суреткер бір фактіні негізге алып отырғанмен, шығарма жазу үстінде жалпы мақсатқа орай қиялдан қосып, ситуацияларды қалауынша өзгертсе керек. Қазақтың заманында шыққан үлкен қоғам қайраткері, алысқа атылған жебе Тұрар Рысқұлов әкесінің басынан өткен оқиғалар әйгілі Бақтығұл бейнесінің өмірлік арқауы болды. Қазақта ит асыраған, құс салған, саятшылық еткендер көп десек те, бұл төңіректе жасалған реалистік полотно «Көксерек» қана.

Өмірлік шындық пен көркемдік шындықты қарама-қарсы қою өнердің өресін кесіп, алдын тұйықтайтын жат тенденция. Үлкен прозалық, драмалық туындылар өз алдына, поэзияда да әр түрлі фактілер қызық қалпында пайдаға асады. Мәселен, Брюсов «Менің Пушкинім» деген еңбегінде әйгілі «Мыс салт атты» поэмасының өмірлік материалын жан-жақты зерттеген. Тарихшы, географ Бергтің «Санкт-Петербургте болған барлық су тасқындарының егжей-тегжейі» (1826 жылы шыққан) кітабындағы жеке детальдарды ғана емес, Пушкин тіркестерді, жеке сөздерді алғанын зерттеушілер ашып берді. Өмірлік материал көркем шығармаға енгенде,

оны бүлдірмейді, қайта нәр береді, қанат бітіреді. Осы орайда, біз жалпы бейне жасаудағы басты факторлардың бірі – типтендіру, жинақтау принципіне тоқталуымыз керек. Рас, қашан болмасын, өмірден терең еш нәрсе жоқ. Бірақ көркем шығармаға сүйек ету үшін құбылыстарды суретші іріктейді, сұрыптайды. Бұл үдеріс тек қана санға емес, сапаға қатысты құбылыс.

Деректің әлеуметтік мәнін айқындау, етенелігін күні бұрын сезіну, құбылыстардың даму тенденциясын барлау деген сөз. Көркем шығарманың сапасы, құны, негізгі қасиеті – бейнеленген объектісімен, кейіпкерлер нобайымен оп-оңай айқындалмайды. Өнер құбылыстарды философиялық тұрғыдан терең бейнелеу үшін адам характеріне, мінезге зер салады. Әдеби ұғымдағы характер – адамның белгілі бір жәйтке өзінің қатысын білдіруі, басқаға қарағанда даралық ерекшелігі, жанды, өміршең қалыптағы бөлек сипаты. Характерді бейнелеу әдебиетте бірден пайда болған жоқ. Аристотель «Поэтикада» көркем шығармаға қажетті ең шешуші шарт, бірінші шарт –128 сюжет деген. Расында, көне грек трагедияларындағы, «Одиссея», «Илиада» эпопеяларындағы негізгі тірек – оқиғалар жүйесі. Осы пікірді түркі халықтарының эпостары жайлы да айтуға болады. «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар» жырларында мінездік, характерлік даралықтан гөрі, фабулалық айырмашылық мол. Ал, орта ғасырдағы Европа әдебиетіндегі бірталай бейнелердің өзегінде көп қайталанатын діни, мифтік әрекеттер жатыр. Бейненің характерлікке жетуі – реалистік әдебиетке тән сапалық қасиет.

XX ғасырда үлкен суреткерлер бейненің ішкі, соны мүмкіндіктерін ашты. Жюль Верн мен Уэллстің романдарын салыстырсақ, арасында көп айырмашылық бар. Жюль Верн шығармаларындағы мол фактілер ғылымнан, әртүрлі зерттеулерден алынған. XX ғасыр суреткері Уэллс шығармаларындағы басты конфликт – әлеуметтік конфликт, соларды ғылыми идеямен байланыстыра беру, астастыру. Бүгінгі таңда өнер адам тағдырында қандай бұралаңдар, қандай ащы зар, қандай алапат ерлік болса, бәрін бейнелей алатындай, өмірдің өзіне ұқсас түр тапқан. Мазмұн мен пішін арасындағы қазіргі байланыс бұрынғыдан әлдеқайда күрделі. Бұл ретте Карл Маркстің «Пішін – мазмұнның ішкі рухани көрінісі» деген пікірі еске түседі. Нәзік өрнектің бір қылы үзілсе, бүкіл шығармаға нұқсан келері сөзсіз. Дәуірге, осы заманға лайық, әрбір адам өзінің ішіне үңілген, тұлға даралануы күшейіп, психология күрделене түскен, адамдар

арасындағы қым-қиғаш қатынас тереңдеген кезеңге лайық туған түр Шыңғыс Айтматовтың әр шығармасында жаңғырып көрінеді. «Ана–Жер–Анадағы» ой ағымынан «Қош, Гүлсарыдағы» ой ағымы мүлде бөлек. «Ғасырға тете күн» романы тіпті басқа.

Еуропаның модернистік жаңа әдебиетіндегі түр мәселесі Марсель Пруст, Джеймс Джойс, Франц Кафка шығармаларына байланысты сөз етіледі. Бұлардың бәрін ұқсас көрсететін ортақ нәрсе: адам психологиясының терең де күрделі қабаттары сан-алуан формалық тәсілдермен бейнеленген. Қашанда бейне объективті дүниенің субъективті сәулесі, ешбір өнерпаз бұл ықпалдан шет қала алмайды. Альбер Камюдің негізгі шығармалары топталып басылды. Оның да басты принципі «объективизм» еді. Бірақ «Оба» повесін оқысаңыз, жазушы пікірі мен көркем шығарма арасында қанша алшақтық жатқанын көруге болады. Өмір құбылыстарын бейнелемей, өмір туралы толғамай, әдебиетке қадам баса алмайтынына тағы да көзің жетеді.

Шыңға шыққан бейне, үлкен талант қолынан туған типтер уақытқа, заман тосқауылдарына, ұлттық айырмашылықтарға, нәсілдік өзгешеліктерге бағынбайды. Осы іргеден көркем шығармашылық пен дүниетаным арасындағы диалектикалық байланыс пен қайшылық туады. Революцияны түсінбеген Лев Толстойды Ленин «Орыс революциясының айнасы» деп бағалады, монархияны жақтаған Бальзак – Марксті, Энгельсті таңғалдырған романдардың авторы. Бұл тылсым, ұғынуы қиын құбылыс емес. Суреткер қиялы арқылы, дарыны арқылы өмірді негіз ете отырып, жаңа бір дүние жасайды, ол кемпір-қосақ сәулесіндей алуан бояулы жарқыраған, мағыналы, соны әлем. Бұл ретте өнер ғылымнан, оның көп салаларынан ілгері кетеді.

Тұлға – жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым. Адамның әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығы, қоғамның даму жемісі және белсенді қызмет ету мен қарым-қатынас орнату арқылы жеке адамды әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізудің жемісі. Ж. Молдабеков өзінің «Қазақтану және жаңару философиясы» атты еңбегінде атап өткендей, «тұлғаның бағыттылығы – тұлғаның іс-әректін бағдарлайтын және нақты бар жағдаяттан біршама тәуелсіз, орнықты түрткі-ниеттер жиынтығы. Тұлғаның бағыттылығы оның мүдделерімен, бейімдерімен, сенімдерімен, мұраттарымен сипатталады және бұлар арқылы адамның дү-

ниетанымы білінеді. Тұлға – тәрбиеші, өзін де, өнімді де еңбекпен жасайды. Нағыз тұлға – елін сүйген, елін сүйетін ерлер. Олар елдегі кемшіліктерді қалай түзетуге болатынын, оны түзету жолдарын ойластырады, сол үшін айтысады, тартысады. Бірақ кішіні қорлауға, ауыр еңбекпен жазалауға бара бермейді» [8, 177 б.].

Адамның әлеуметтік-мәдени келбеті оның «Менімен» байланысты. Әдеп адамның бірлесе өмір сүру тәсілі болғандықтан, оның басты белгісіне адамдық қатынастардың мәдени деңгейі жатады. Бұл міндетті түрде Мен – Сен – Ол мәселесін алға қояды. XIX ғасырдың өзінде-ақ Абай мұны жазып кеткен:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікінің» айырылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес [7, 225 б.].

«Мен» таза тән де, таза жан-рух та емес, олардың айырықша біріккен бітіміне жатады. Өзіндік сана тұрғысынан «Мен» және тұлғаны айыра білу керек. Ұғымның кең мағынасында тұлғаға оның тек өзі емес, сонымен қатар «менікі» деп атай алатын барлық нәрселері жатады (тәні, жаны, рухы, үйі, әйелі, балалары, достары т.т.). Мені үшін ол бар қайраты мен күшін аямайды. Егер адам туралы ғылымда Меннің жан мен тәннен тұратындығына көбірек назар аударылып, тұлғаның үш элементіне жататындарына денелік, әлеуметтік және рухани тұлғалар аталып өтіледі. Тұлғаның денелік аймағына оның тәні ғана емес, оған қоса киетін киімі, тұрмыстық заттары т.т. жатады. Алайда, тұлға ұғымы жоғарыдағы жіктеудің екінші және үшінші деңгейлерімен тікелей қатысты.

Қазақ тіліндегі әдебиетте тұлға елі мен жерінің қорғаушысы, басқаларға «сүйеніш болатын адам» мағынасында қолданылады. Яғни, тұлға болу әрбір адамның қолынан келе бермейді, ол ерекше әдепті адамдарға ғана тән. Оны мысалы, Жамбылдың мынандай сөздерінен: «Батыр тұлға бола алмай, Елдің түгі жығылды, Үш бөлінді көп дулат», немесе «Қамбар батыр» эпосындағы: «Бөтен туған бала едің, Жұртқа тұлға болғандай, Сол себепті, сені тежеймін» анық көруге болады. Сол себепті азаматтық әр адамның имандылық, әлеуметтік сапа-қасиеттерін білдіретін болса, пенде болу көптің бірі болу ғана болса, тұлға болу – елден ерекше болуды, қатардан алға бөлініп шығуды қажет етеді.

Тұлғаның мәдени оппозициясына «пенде» жатады. Әдетте бұл ұғым діни мағынада

да қолданылады. Жалпы алғанда, «пенде» түсінігі «көптің бірі», «жаратылыстың нәтижесі» дегенді білдіреді. Ол күнәға жиі батады, «пендешілік» жасайды. Пенде – қатардағы тірі жан, көптің бірі болып, жарық дүниеде өмір сүруші, «жаратушының құлдарының бірі». Ал «домалақ, жұмыр басты пенде» дегенде көпшіліктің бірі есебінде, ел санатында жүруді айтады. «Пенденің» осындай «орташыл», «көпшілдеу» ерекшеліктерінің «басым» екендігін ескертіп, жоғарыда сот үкіміне кесілген, қамауға алынған қазақтың заң тілінде «азамат» түсінігіне «пенде» деген атаудың сәйкес емесін айтып, оған тек «бодан» деген нақтылы, оның жағдайына жайма-сай атау сөзді ұсынамыз. Ал «адамның пендешілігі» деп, сотқа тартыла қоймайтын күнәні, біле тұра жасаған қателіктерді, имантаразылықты бұзуды, басқаға қастандық ойлау сияқты нәрселерді ғана айтуға болады.

Тұлғаның дамуы – білім беру міндеттері тұрғысынан екі мағынаға ие: 1) тұлғаны қоғамдық өмірдің әртүрлі саласына жауапкершілікпен қатысуға тәрбиелейді; 2) жеке адамның жан-жақты үйлесімді дамуы, зияты, ақыл-ойы, еркі, сезімі мен оңтайлы логикалық-эмоциялық-психологиялық сапалары мен көзқарастары. Тұлға психологияда өзінің өмір жолын белгілей алатын, қайталанбас даралық ерекшелігін сезінетін субъект. Тұлға адам ұғымынан гөрі нақты мағынаға ие. Өйткені, адам тұлғалық сипатты иелену үшін өз «менін» өзге «меннен» ажыратып, есейіп, өз бетінше дербес әрекет ету мүмкіндігін ашуы керек. Яғни, белгілі бір мәнді іспен айналысатын, азды-көпті білімі, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымы мен сенімі бар адамды «тұлға» деп атайды. Қазақ ұғымында адам мұндай азаматтық атқа бозбалалық шақта ие бола бастайтынын «Он үште отау иесі» деген мақалдан көруге болады.

Халықта өзінің өнегелі істерімен, имандылығымен ерекшеленген адамды ерекше қастерлеп, «кісілігі бар тұлға» дейді. Тұлға бойындағы адамгершіліктің көрінісі ар-ұятқа кір келтірмеуінен, намысын жоғары ұстауынан байқалады. Тұлғааралық қатынас – этнопсихологияда әрбір тайпаның, халықтың ұлттық дәстүрге байланысты әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері және т.б. Тұлғааралық қатынас әрбір халық пен ұлттың этностық қарым-қатынас ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Мысалы, қарым-қатынастың абысын-ажын арасындағы сақина-жүзік, білезік алмасу; ер-азаматтар арасында ер-тоқым алмасу; сауға тарту, сәлемдеме жолдау және т.б. түрлері болған. Сол сияқты, ізет, құрмет, сыйластық

сезімдері де адамдар арасындағы қатынастың бір түрі болып саналады. Тұлғалық белгілер – адамның даралық ерекшеліктерін көрсететін, психологиялық және физиологиялық элементтерін және оның ойлауы мен қылығын сипаттайтын өмір бойы қалыптасатын психофизиологиялық жүйе. Тұлғалық белгілер теориясы – негізінде «тұлғаның ерекшелік белгілері» деген ғылыми анықталған терминді қарастыратын тұлға теориясы.

Баяғы Аристотель заманынан күні бүгінге дейін адамнан және оның өмірінен тыс ешқандай сөз өнерінің де, өнер туындысының да болмайтыны дәлелденуде, бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Өйткені, өнер туындысының бәріне ортақ мазмұн-адамның ойы, арманы, мұраты, құштарлығы; өнер туындысының қай түрі болсын, әрқайсысы өз мүмкіндігінше өмірдегі, қоғамдағы адам тіршілігінің мәні мен маңызын суреттейді. Ойдан шығару арқылы жазушы болашақ көркем бейненің эскизін алдымен өзі ойша жасап, көз алдына ойша елестетеді. Суреткердің (көз алдына) өз ойында нақты түрде мүсінделмеген, көз алдына затты түрде елес бермеген бейне оның шығармасында тірі қаһарманға айналуы мүмкін емес. Көркем таланттың айрықша құпиясы мен күйі суреткердің өз жасамақ болған көркем бейненің кескін-кейпін түр-тұлғасын өзінше көре білу қабілетіне осыған орай қиял құпиясына ойдан шығара білу күшіне байланысты.

Сонымен творчестволық фантазия яғни ойдан шығару шығармада суреттелер шындықтан шалғай жатқан оқыс нәрсе емес, сол шындықты сұрыптау саралау тәсілі: шындыққа суарылған адам тұлғасын әрі жинақтау әрі даралау тәсілі образға апарар жол осылай басталады. Образдың қазақшасы – көркем бейне, ең қарапайым мағынасында образ – суреттеу сөзі. Көркем әдебиеттің оқыған адамды баурап алар, оның жан дүниесіне әсер етер құдіретті күші оның образдылығына байланысты. Әдебиеттегі адамның ішкі болмысы тек мінездеу, я болмаса, күйініш-сүйінішін суреттеу жолымен ғана жасалмайды, оның өзін сөйлету арқылы да танытуға болады. Өйткені, әркімнің сөйлеген сөзінен оның бүкіл ішкі жан сарайы, өзіне тән психологиялық өзгешелігі – ақылы, ойы, сезімі, ұғымы, нанымы, танымы, білімі, мәдениеті, т.б. анық байқалады.

Көркем бейненің жасалу тәсілдеріне лайық бейнелеудің түрлері туады. Көркем бейненің жасалу тәсілдерінің әр алуандығы сияқты, оның түрлері де әр алуан. Көркемдік әдіс тұрғысынан

келгенде, образ екі түрлі: романтикалық көркем бейне, реалистік көркем бейне. Әдеби тек тұрғысынан келгенде, көркем бейне екі түрлі: эпикалық көркем бейне, драмалық көркем бейне. Ал жалпы жасалу тәсілдеріне бақсақ, көркем бейне тағы да бірнеше түрлі болады: юморлық көркем бейне, сатиралық көркем бейне, фантастикалық көркем бейне, трагедиялық көркем бейне, қаһармандық көркем бейне және т.б. Әдебиеттегі көркемдік әдістер мен ағымдарға кейін тоқталамыз, сондықтан сол әдістерге орай романтикалық және реалистік бейнелер жөнінде кейін сөз етеміз.

Эпикалық көркем бейне – әрі нақты, әрі затты тұлға, кәдімгі тірі кісідей сөзін құлақпен естуге, мінезін ұғуға, қимылын бақылауға болатын, бүкіл өмір жолын бар бұралаңымен байқауға, өскен ортасын барлық ойы-қырымен байыптауға болатын күрделі, кесек қаһарман. Лирикалық көркем бейне – сыршыл өлең-жырлардағы ақынның өз бейнесі; оның ішкі бітімі; ақынның мың иірім көңіл-күйінен нәзік сыры мен салқын сезімін өріліп жасалған, өзгеше кейіпкер. Эпикалық көркем бейне нақты болса, лирикалық көркем бейне – шартты. Драмалық көркем бейне – өмірдің өз аясында-сахнада көзбе-көз, қолма-қол жасалатын көркем бейне. Драмалық көркем бейненің эстетикалық және тәрбиелік мәні орасан үлкен, әрі күшті. Драмалық көркем бейненің эстетикалық және тәрбиелік мәні орасан үлкен, әрі күшті. Драмалық көркем бейне оймен қатар іске, сезіммен бірге қимылға құрылады. Юморлық көркем бейне – күлкілі кейіпкер, юмор-өмірдегі кісі күлерлік құбылыстардың өнердегі сәулесі. Күлкі – өмірдегі ескі мен жаңаның арасында болып жатқан күрестің жауынгерлік құралы. Юморда күлкілі құбылыстардың ең бір зілсіз, зиянсыз түрлері алынады, мұндағы күлкі – әзіл; ал әзіл келемежге айналса – ирония, келемеж ащы мысқылға айналып, сын үдей түссе – сарказм болғаны.

Қазақ әдебиетінің тарихына үңілсек, баяғы Қожанасырдың күні кешегі Мырқымбайға дейін талай юморлық тамаша көркем бейнелерді атауға болады. Мұндай көркем бейнелер арқылы суреттеп отырған өмір шындығын жинақтайды, адам мінезін ашады, әдеби бейнені даралайды. Сонымен қатар мұндай жағдайда күлкі оқырманға айрықша әдемі әсер етеді, көркем шығармаға өзгеше эмоциялық жылылық әкеледі, жайдары шырай береді. Сатиралық көркем бейне – ұнамсыз тип. Сатира өмірдегі кеселді, келеңсіздікті, кері кеткендікті қаза қопарып, көптің алдында қағып, сілкілейді, мысқылмен

түйрейді, сықақ етеді, көпті одан түнілтеді. Өмірдегі келеңсіз құбылыстарды аяусыз сынап, адамдарды ілгері басуға, кедергіні жоқ етуге жұмылдырады. Сатира да күлкіге құрылады, бірақ мұндағы күлкі – жай әзіл, әжуа емес, ызалы күлкі. Юморда түзеу мақсаты жатса, сатира да жою, жоқ қылу мақсаты жатады.

Шын өнер иесіне оны қоршап, қолдап сүрінсе – сүйеп, жаңылса – түзеп отыратын қамқор қауым керек. Ақындық-шешендік өнердің өсіп-өркендеуіне қажетті жағдай еркіндік, ешкімнен қысылмай, қымсынбай еркін сөйлеуге бостандық, сөз бостандығы керек. Бұл жөнінде де қазақ қауымында сөзге тыйым салынбаған, сынға да шек қойылмаған. Қазақтар ежелден шешен халық болған. Соған орай ойын-сауықтарының біршамасы осы сөзге байланысты туып, дамыған. Олар өздерінің шешендігін тәлімді тәрбиенің немесе жақсы тектен шыққандығының дәлелі деп санайды. Шешен кісі әңгімеге бел шешіп араласқан кезде шешендік сөздер мен әдемі теңеулер шегінен аса төгіліп, олар дауысын көтере, қолдарын сермей отырып, сөйлегенді қатты ұнатқан.

Бұл жайында қазақ даласына жер аударылған поляк революционері А. Янушкевич «Қазақ даласына сапар шегуден туған күнделік пен хаттар» деген кітапта қазақ ақыны Орынбаймен, дала Сократы аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлымен кездесуін қазақ халқының ас беру, қыз ұзату, бәйге қосу сияқты салт-дәстүрін өз көзімен көріп, қарапайым тілмен аса қызыға жазған. Ол Құнанбай туралы былай дейді: «Құнанбай – бейне бір сөйлеп тұрған машина тәрізді, немесе бұралмаған сағат сияқты. Әлгі сағатты бұрап қалсаң болғаны, ешбір тоқтаусыз сөйлеп жүре беретін шексіз шешен адам. Оның алдына әр минут сайын кеңес сұрап қазақтар келіп жатады. Ал ол болса, екі бүйірін таянып алып, бейне бір дана абыздай төгіле, тоқтаусыз сөйлеп, келелі кеңес беріп отырады. Ол екі сөзінің бірінде шарифаттан мысал келтіріп, ешбір мүдіріссіз сөйлегенде таңғалмасқа шараң жоқ. Үкіметтің жарлығы мен қаулы-қарарларынан мысал келтіргенде кітап оқып отыр екен деп қаласың» [9, 117 б.], – дейді.

Атақты ғалым В.В. Радловтан тағы бір куәлік келтірейік: «Өздерінің туыстас түрік тектес елдерімен салыстырғанда қырғыздар да, қазақтар да сөзге шешендіктерімен ерекше көзге түседі. Олардың шешендіктеріне, шынында да, таңғалмасқа болмайды. Қазақтар сөйлегенде ешбір мүдірмей, күрмелмей есіп жүре береді, ойларын дәл айқын етіп бере білумен қатар, сөз, сөйлемдерін белгілі бір дәрежеде әсемділікпен

безейді, әңгімелесіп отырғанның өзінде жай сөйлемінде, не жайылма сөйлемінде болсын, ырғақ байқалып және жиі кездеседі. Өлең шумақтарында ғана ұшырайтын сөйлем түрлері жәй сөздердің өзінде іргес-тіркеске келіп жатады, тыңдаушыларға өлең тәрізді әсер береді... ырғаққа құрылған сөздерді дүниедегі көрген өнердің жоғарғы сатысы деп ұғынатын, суырылған шешендікке жаны рахаттанатын. Сондықтан да қазақ халық әдебиетінің дамуы жоғарғы сатыға жеткен» деп жазды [10].

Сөз өнері – ата-бабаларымыздың қанына сіңген қасиет. Сонымен, сөз мәдениеті дамыған, не түрлі шешендер мен ақындар туғызған қазақ халқының мәдени өміріне, оның кейбір жеке салаларына ой жүгіртіп көрелік. Қазақ сөз өнерінің ең алып тұлғасы – Абай.

Абай тұлғасы пендешілік пен тобырға қарсы күресте, адамды жатсындыратын қаулаған қылықтармен тіресуде шынықты. Өйткені, ол өзіне үйреніп, тұйықталған жан құмарлықтың құлы, әлжуаздықтың тұтқыны болып қалатынына, ал жаңа талапқа әлсіз тобыр тіршілікке жат көзбен алаңдап, далаңдаудан өктемдікке ауытқитынына күдіктенбеді.

Абай – ыстық жүрек, қайсар ерік, терең парасат теңдігін тапқан ерекше тұлға. Ол – адам дамуының жоғары шоқтығына жеткен бапкер. Оған себепкер болған тағы бір жағдай бар. Абай болмысы қазақ халқының үш бірдей өлшемінде – тартыста, шегіністе, шабуылда шынықты. Әлгі тартыс, шегініс, шабуыл қазақ әрекетінде үш бірдей күшті – оң жағымды, теріс-жағымсыз және бейтарап күшті қалыптастырды. Қазақ бойындағы және Абай мінезіндегі осы үш бірдей күштің арасалмағы бір-біріне сәйкес келе бермеді. Тек Абайда әр күштің анағұрлым белсенді, айқын, қарқынды болғаны даусыз. Қарқын тұрмыстағы сырты бүтін, іші түтін қарекеттен ғана қуат алған жоқ. Оның қозғаушы күші – ішкі рухани қайшылықта. Осыдан Абай-индивид пен Абай-тұлғаның қалыптасуы, дамуы бірде қабаттасты, бірде кезектесті, біртіндеп рухани күштің үстемдігі орнады [11, 73 б.]. «Абай тұлғасы – оның даналығында. Абай даналығы – жүрек үнінде, парасатты сөзінде, сүйіспеншілік үмітінде;

– қарсыласынан асып түсетін білімдарлық, сезімталдық, еріктілік икемділігінде;

– қазақты қор қылатын кеселдерден сақтандыратын талап, ұғым, махаббат сияқты рухтың ең мықты қайнар көзінде, қуат аймағында;

– тұтастық пен тыныштықты туралайтын, татулықты тәрбиелейтін тоқтамында;

– шығыс пен батыс мәдениетін үйлестірген шеберлігінде» [12, 76 б.]

Адам болмысының сырын адамгершілік ашады. Адамгершілік адамдар арасындағы қарым-қатынас пен қабілеттен туындайды. Әркімнің өмірдегі өз орнын білуі және кісілік қасиетті құрметтеуі – адамгершіліктің көріністе-

рі. Адамгершілік – өмірдің де, ойдың да тұғырын ұстайтын тірек, көтермелейтін діңгек. Адамгершілік есеюді, еңбектене білуді үлгі тұтады. Сол арқылы кісі келбетін танытады. Осы іспеттес ішкі өзгерістерге көзімен қадалған, көңілімен жарасқандар мұқтаждық пен үстемдіктің құрсауынан құтылудың жолын іздестірді.

Әдебиеттер

- 1 Молдабеков Ж.Ж. Қазақтану. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 441 б.
- 2 Мұхтар Әуезов тағлымы: әдеби сын-мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1987. – 432 б.
- 3 Бенедетто Кроче. Эстетика как наука о выражении и общая лингвистика. Теория. – М., 1920. Ч. 1. – 17 с.
- 4 Потебня А.А. Мысль и язык. – Одесса, 1922. – 167 с.
- 5 Мұхатаева А. Қазақтың әлеуметтік мәдениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 48 б.
- 6 Қазбеков Н.А. Мәдениет және мәдениеттанулық концепциялар. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2003. – 132 б.
- 7 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық жиынтығы. – Алматы: Ғылым, 1977. – Т.1. – 454 б.
- 8 Молдабеков Ж. Ж. Қазақтану және жаңару философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 175 бет
- 9 Янушкевич А. Дневник и письма из путешествия по казахским степям. – Алматы: Қазақстан, 1966. – 320 с.
- 10 Радлов В.В. Из Сибири. – М.: Наука, 1989. – 357 с.
- 11 Молдабеков Ж. Ж. Тектілік тұрағы – тұлғалыққа тірек // Адам әлемі. – №2. – 1999. – 12-17 бб.
- 12 Молдабеков Ж.Ж. Қазақ осы – мың өліп, мың тірілген. – Алматы: Санат, 1998. – 208 б.

References

- 1 Moldabekov Zh.Zh. Kazakhtanu. – Almaty: Kazakh university, 2003. – 441 p.
- 2 Mukhtar Auezov taglimi: adebi sin-makhalalar men zertteuler. – Almaty: Zhazushi, 1987. – 432 p.
- 3 Benedetto Kroshe. Estetika kak nauka o virazhenii I obshaya lingvistika. Teoria. M., 1920. Sh. 1. – 17 p.
- 4 Potebnya A.A. Misl I yazik. – Odessa, 1922. – 167 p.
- 5 Mukhataeva A. Kazakhtin aleumettik madenieti. – Almaty: Kazakh university,
- 6 Khazbekov N.A. Madeniet zhane madeniettanulik konsepsialar. – Kharagandy: Bolashak-Baspa, 2003. – 132 p.
- 7 Khunanbayev A. Shigarmalarinin eki tomdik zhiyintigi. – Almaty: Gilim, 1977. – T.1. – 454 p.
- 8 Moldabekov Zh.Zh. Kazakhtanu zhane zhanaru filosofiasy. – Almaty: Kazakh university, 2009. – 175 p.
- 9 Yanushkevish A. Dnevnik I pisma iz puteshestviya po kazakhskim stepyam. – Almaty: Kazakhstan, 1966. – 320 p.
- 10 Radlov V.V. Iz Sibiri. – M.: Nauka, 1989. – 357 p.
- 11 Moldabekov Zh.Zh. Tektilik turagi – tulgalikka tirek // Adam alemi. – №2. – 1999. – 12-17 p.
- 12 Moldabekov Zh.Zh. Kazakh osi – min olip, min tirilgen. – Almaty: Sanat, 1998. – 208 p.